ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 қыркүйек №2301-25-00-2/2165 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «SHARK IN TENDERS» Салтанат Бакытовна Бисенгалиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілдері К.Ж.Шегирова, Д.Т.Мухамбетова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптардың арасында 2025 жылғы 13 маусымда мемлекеттік сатып алу туралы №74 «Бүріккіш, түрлі түсті принтер» тауарын жеткізу бойынша келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, аталған міндеттеме жауапкермен орындалмағанын, тауар жеткізілмегенін, 2025 жылғы 25 шілдеде шарт бір жақты бұзылғанын, сондықтан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 13 маусымда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №74 келісім-шарт жасақталған. Орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын айтып, тауар жеткізілмегенін, 2025 жылғы 25 шілдеде шарт бір жақты бұзылғанын, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «SHARK IN TENDERS»

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 01.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.11.2025, судья Дәурешова О. Ш., 05.11.2025

Салтанат Бакытовна Бисенгалиеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «SHARK IN TENDERS» Салтанат Бакытовна Бисенгалиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «SHARK IN TENDERS» Салтанат Бакытовна Бисенгалиевадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Сот шешімі 2025 жылдың «03» қарашасында заңды күшіне енді

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 01.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.11.2025, судья Даурешова О. Ш., 05.11.2025

2301-25-3-1/2579